

**Шетел, қазақ және орыс тілдері бойынша түсу емтихандарын ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а 2011 жылғы 11 шілдедегі № 301 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 8 тамыздағы № 7104 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 29 маусымдағы № 421 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 29.06.2015 № 421 бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 22 қазандағы № 984 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі туралы ереженің 6-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған шетел, қазақ және орыс тілдері бойынша түсу емтихандарын ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (С.М. **Ө м і р б а е в**) :

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін ;

2) бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр М.Д. Орынхановқа жүктелсін .

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*М и н и с т р д і ң*

*міндетін атқарушы*

*М. Орынханов*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Б і л і м                      ж әне                      ғ ы л ы м                      м и н и с т р і н і ң  
2 0 1 1                      ж ы л ғ ы                      1 1                      м а у с ы м д а ғ ы  
№ 301 бұйрығымен бекітілген

# Шетел, қазақ және орыс тілдерінен түсу емтихандарын ұйымдастыру және өткізу бойынша нұсқаулығы

## 1. Жалпы ережелер

1. Шетел, қазақ және орыс тілдерінен түсу емтихандарын ұйымдастыру және өткізу келесі кезеңдерден тұрады:

- 1) деректер базасын қалыптастыру;
- 2) түсу емтихандарын ұйымдастыру;
- 3) түсу емтихандарын өткізу;
- 4) түсу емтихандарының нәтижелерін өңдеу;
- 5) апелляцияны өткізу;
- 6) сертификаттарды басып шығару және беру;
- 7) есеп беруге дайындық.

2. Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында шетел, қазақ және орыс тілдерінен түсу емтихандарын (бұдан әрі – түсу емтихандары) ұйымдастыру және өткізу процесіне қатысушылар : Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – Министрлік), Ұлттық тестілеу орталығы (бұдан әрі - ҰТО), базалық жоғары оқу орны (бұдан әрі - жоо-ы), желілік жоо-ы, түсу емтихандарын өткізуде бақылауды жүзеге асыратын Министрліктің уәкілетті өкілі (бұдан әрі – Министрліктің өкілі) , базалық және желілік жоо-ның қабылдау комиссиясы (бұдан әрі – қабылдау комиссиясы), тестілеу нәтижелерімен келіспеген үміткерлердің арыздарын қарастыратын апелляциялық комиссия (бұдан әрі – апелляциялық комиссия).

3. Шетел, қазақ және орыс тілдерінен түсу емтихандарын ұйымдастыру және өткізу бойынша жоғарыда көрсетілген тұлғалар өз қызметінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 1 сәуірде № 161 бұйрығымен бекіткен ( нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 5214 нөмірімен тіркелген, 2008 жылдың 23 мамырында «Заң газеті» газетінің № 77 (1477) нөмірінде жарияланған) Білім беру ұйымдарына оқуға қабылдауды іске асыратын жоғары білім беруден кейінгі кәсіптік оқу бағдарламаларына типтік ережелерін басшылыққа алады.

4. Магистратураға, адъюнктураға түсу емтихандарының бағдарламасы жоғары білім пәндерінің үлгі бағдарламалары негізінде жоғары оқу орындары, резидентураға – жоғары оқу орындары және ғылыми ұйымдар қалыптастырылады.

Докторантураға түсу емтихандарының бағдарламасын магистратураның кәсіптік оқу бағдарламасы негізінде жоғары оқу орындары қалыптастырылады.

5. М и н и с т р л і к :

- 1) тест тапсырмаларының әзірлеушілері және сарапшыларының тізімін;
- 2) базалық жоо-ның тізімі мен әрбір базалық жоғары оқу орындарына бекітілген желілік жоо-ның тізімін;
- 3) Министрліктің өкілдері тізімін;
- 4) тілдер бойынша апелляциялық комиссия төрағаларының тізімін;
- 5) базалық жоо-ның бағдарламаушылардың тізімін;
- 6) республикалық апелляция комиссиясының тізімін бекітеді.

6. ҰТО түсу емтихандарына дайындық процесінде қолданылатын арнайы жауап парақтарын, кіріс және шығыс құжаттарын, тест тапсырмаларының базасын әзірлейді.

Ұ Т О :

- 1) тест материалдарын әзірлеу, сараптау және алып жүру бойынша ұйымдастыру жұмыстарын;
- 2) үміткерлердің деректер қорын қалыптастыру бойынша базалық және желілік жоо-мен ұйымдастыру жұмыстарын;
- 3) базалық жоо-на "Аудиториялық қор" бағдарламалық кешенін беруді;
- 4) базалық жоо-нан аудитория қоры бойынша ақпараттар жинауды;
- 5) базалық жоо-на емтиханға кіру рұқсаттама қағаздарын қалыптастыру үшін желілік жоо-ы бойынша емтиханға кіру рұқсаттамаларын беру тізілімін басып шығаруға арналған базалық жоо-ның бағдарламалық кешенін беруді жүзеге асырады.

7. Түсу емтихандарын өткізуде дайындау жұмыстарын жүзеге асыратын желілік жоо-ның жауаптысын және бағдарламаушысын желілік жоо-ның ректоры тағайындайды.

Желілік жоо-на түсу емтихандарына дайындық және өткізу үшін мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:

- 1) үміткерлердің деректер қорын қалыптастыру;
- 2) желілік жоғары оқу орнында өтініштерді қабылдау барысындағы статистиканы жіберу;
- 3) базалық жоо-на үміткерлердің деректер қорын беру;
- 4) базалық жоо-нан рұқсаттамаларды, рұқсаттамаларды беру тізілімін, желілік жоо-ы бойынша үміткерлердің аудиториялық тізімін қабылдап алу;
- 5) үміткерлерге рұқсаттамаларды беру.

8. Әрбір желілік және базалық жоо-да қабылдау комиссиялары құрылады. Қабылдау комиссиялары құрамы түсу емтихандарын ұйымдастыру және өткізу кезеңіне қалыптастырылады.

Қабылдау комиссиясының төрағасы жоғары оқу орнының немесе ғылыми ұйымның басшысы болып табылады.

Қабылдау комиссияның негізгі жұмысы жоғары оқу орындарының түсу емтихандарына дайындалу және өткізу бойынша жұмыстарын ұйымдастыру мен үйлестіру болып табылады.

9. Базалық жоо-нда түсу емтихандарын ұйымдастыру және өткізу үшін жауапты және бағдарламаушы тағайындалады.

Базалық жоо-ға түсу емтихандарына дайындық және өткізу үшін мынадай іс-шараларға сәйкес жүзеге асырылады:

1) желілік жоо-ның бағдарламаушысы мен жауаптыларының жұмыстарын алып жүру;

2) осы нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес, желілік жоо-ның жауаптылары туралы мәліметтерді нысан бойынша жинау;

3) осы нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес, желілік және базалық жоо-дың жауаптылары туралы мәліметтерді нысан бойынша ҰТО-ға тапсыру;

4) осы нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес, желілік жоо-да өтініштерді қабылдау барысы туралы статистикасы нысан бойынша қабылдау;

5) осы нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес, базалық жоо-да өтініштерді қабылдау барысы туралы статистикасын нысан бойынша ҰТО-ға тапсыру;

6) осы нұсқаулықтың 5-қосымшасына сәйкес, желілік жоо-да қорытынды сандық есепті нысан бойынша жинау;

7) осы нұсқаулықтың 6-қосымшасына сәйкес, базалық жоо-дан қорытынды сандық есепті нысан бойынша ҰТО-ға тапсыру;

8) осы нұсқаулықтың 7-қосымшасына сәйкес, аудитория қорын нысан бойынша дайындау және ҰТО тапсыру;

9) осы нұсқаулықтың 8-қосымшасына сәйкес, желілік жоо-ы бойынша аудитория тізімін басып шығару және желілік жоо-на нысан бойынша тапсыру;

10) осы нұсқаулықтың 9-қосымшасына сәйкес, аудитория тізімін нысан бойынша басып шығару;

11) рұқсаттамаларды басып шығару және желілік жоо-на тапсыру;

12) осы нұсқаулықтың 10-қосымшасына сәйкес, түсу емтихандарына кіретін рұқсаттамалар беру тізілімін нысан бойынша басып шығару және желілік жоо-на тапсыру;

13) желілік жоо-ны үміткерлерінің деректер қорын қабылдау және ҰТО-ға тапсыру;

14) кезекшілерді оқытуды ұйымдастыру;

15) түсу емтихандарын өткізу үшін бақылауды жүзеге асыратын Министрліктің өкілі және базалық жоо-ның бағдарламаушысының жұмыс орнын ұйымдастыру;

- 16) ҰТО-ға ақпараттардың жіберілуін қадағалау;
- 17) түсу емтихандарын өткізу үшін қажетті жағдайлар жасау;
- 18) дұрыс жауаптар кодын және түсу емтихандары нәтижелерін ілу;
- 19) апелляциялық комиссияның жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету;
- 20) түсу емтихандарын өткізудің белгіленген тәртібін сақтауды бақылау және ақпараттық қауіпсіздік тәртібін қамтамасыз ету;

10. Осы нұсқаулықтың 11-қосымшасына сәйкес, базалық жоо-да түсу емтихандарын өткізу үшін қабылдау комиссиясының төрағасымен аудиториялар бойынша кезекшілер тізімін нысан бойынша қалыптастырады. Аудитория бойынша кезекшілер қызметкерлер немесе базалық және желілік жоо-ның оқытушылары арасынан алынады, шетел, қазақ және орыс тілдері мамандары болмауы тиіс. Түсу емтихандары басталардың алдында аудитория бойынша кезекшілер Министрліктің өкілімен бөлінеді.

Аудитория бойынша кезекшісі мынадай міндеттер атқарады:

- 1) аудиторияның дайындығын тексеру;
- 2) емтихан материалдарын қабылдау және беру, ол жөніндегі акті аудитория бойынша кезекшілерге емтихан материалдарын қабылдау және беру, нысан бойынша осы нұсқаулықтың 12-қосымшасына сәйкес құралады;
- 3) үміткерлерді аудиторияға кіргізу және оларды отырғызу;
- 4) емтихан материалдарын ашу, ол жөніндегі акті емтихан материалдарын ашу, нысан бойынша осы нұсқаулықтың 13-қосымшасына сәйкес құралады;
- 5) емтихан материалдарын тарату және оларды толтыру ережелерін түсіндіру;
- 6) түсу емтихандарынан кейін емтихан материалдарын қабылдау және

т а п с ы р у .

11. Дәліз кезекшілері базалық және желілік жоо-ның шет тілі, қазақ тілі, орыс тілі маманы емес оқытушылары немесе қызметкерлері арасынан алынады. Дәліз кезекшілерін Министрліктің өкілі түсу емтиханы басталардың алдында т а ғ а й ы н д а й д ы .

Дәліз кезекшісіне мынадай міндеттер жүктеледі:

- 1) емтихан басталмас бұрын үміткерлерді аудиторияларға алып жүру;
- 2) Министрліктің өкілі және қабылдау комиссиясы төрағасынан басқа бөгде адамдардың корпуста жүрмеуін қадағалау;
- 3) емтихан барысында ережені және тыныштықты сақтау;

12. Министрліктің өкілі түсу емтихандарының өткізілуіне басшылық жасап, б а қ ы л а й д ы .

Министрліктің өкілі мынадай міндеттерді орындайды:

- 1) нұсқаулықтың сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- 2) түсу емтихандарын өткізу үшін қажетті техникалық жабдықтар мен құралдардың дайындығын тексеру;

- 3) аудитория кезекшілері мен дәліз кезекшілеріне нұсқау жүргізу;
- 4) аудиториялардың емтиханға дайындығын тексеру;
- 5) күн сайын кезекшілерді аудиторияларға және дәлізге бөлу;
- 6) емтихан материалдарын беруді және қабылдауды ұйымдастыру;
- 7) түсу емтихандары нәтижелерін өңдеуді ұйымдастыру;
- 8) апелляция комиссиясының жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету және деректер қорына апелляция нәтижелерін енгізуді бақылау;

13. Базалық жоо-ның бағдарламаушысы мынадай міндеттерді орындайды:

- 1) есептеу техникалық құралдарын жұмысқа дайындау;
- 2) базалық жоо-ның бағдарламаушысы бағдарламалық кешенінің  
и н с т а л л я ц и я с ы ;
- 3) үміткерлер деректерінің соңғы қорын қалыптастыру;
- 4) осы нұсқаулықтың 14-қосымшасына сәйкес, деректері қате үміткерлердің  
тізімінысаны бойынша түзету;
- 5) әр аудитория бойынша осы нұсқаулықтың 15-қосымшасына сәйкес  
отырғызу парағыннысан бойынша басып шығару;
- 6) әрбір аудитория бойынша жауаппарақтарын сканерлеу;
- 7) жауап парақтарын сәйкестендіру;
- 8) дұрыс жауаптардың кодын ашу және басып шығару;
- 9) апелляция қорытындысы енгізілмеген емтихан ведомостарын беру;
- 10) апелляция қорытындысын қорға енгізіп, апелляция қорытындысы  
енгізілген емтихан ведомостарын шығару;
- 11) статистикалық деректерді ҰТО-ға жіберу;
- 12) деректер қорын ҰТО-ға тапсыру.

14. Апелляция комиссиясының құрамына қазақ, орыс және шетел тілдерінде білім беретін базалық және желілік жоғары оқу орындарының оқытушылары кіреді. Апелляциялық комиссияның төрағасын Министрлік бекітеді.

Апелляциялық комиссия түсу емтихандары нәтижесімен келіспеген үміткерлердің өтініштерін қабылдап, қарастырады. Нұсқаулықты бұзушылыққа байланысты сұрақтар бойынша апелляция қабылданбайды.

Апелляция комиссиясының жұмысы үшін жеке бөлме беріледі. Апелляция комиссиясының жұмысы мынадай кезеңдерге бөлінеді:

- 1) тест тапсырмаларының мазмұны және техникалық себептері бойынша  
апелляцияға өтініштерді қабылдау;
- 2) апелляция комиссиясының мәжілісіне дайындық;
- 3) апелляция комиссиясының мәжілісі;
- 4) апелляция бойынша шешім қабылдау және республикалық апелляциялық  
комиссиямен байланыс жасау;
- 5) апелляция комиссиясының шешімдері бойынша өзгерістерді деректер

б) апелляция комиссиясы мәжілісінің хаттамасын шығару.

15. Даулы мәселелерді шешу және үміткерлердің құқықтарын қамтамасыз ету үшін базалық жоо-ғы апелляциялық комиссиялармен қатар ҰТО базасында тестілік тапсырмаларының сарапшылар қатысуымен республикалық апелляциялық комиссия (бұдан әрі - РАК) құрылады.

16. Бағдарламалық қамтамасыз ету келесі бағдарламалар болып табылады:

1) «Үміткерлер туралы деректер қоры» арнайы нысанын толтыру кезеңінде пайдаланылатын желілік жоғары оқу орындарына арналған бағдарламалық кешен (бұдан әрі – желілік жоо БК);

2) «Аудитория қоры туралы мәліметтер» арнайы нысанын толтыру кезеңінде пайдаланылатын базалық жоо-на арналған және желілік жоо-нан статистика және дерек қорын жинау бағдарламалық кешені (бұдан әрі – базалық жоо БК);

3) «Рұқсаттама» желілік жоо-ы бойынша рұқсаттамаларды беру тізілімін басып шығару кезінде қолданылатын бағдарламалық кешен;

4) Тестілеу кезеңінде пайдаланылатын бағдарламаушыға арналған бағдарламалық кешен (бұдан әрі – бағдарламаушы БК);

17. Бағдарламалық қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының анықтамалықтарын және басқа да нормативтік-анықтамалық материалдарды пайдаланады.

18. Тест тапсырмаларының базасы түсу емтихандарын өткізу тілі мен дайындық түрі бойынша тест тапсырмаларын құрастырушы авторлардың сараптамадан өткен тест тапсырмаларынан қалыптастырылады.

19. Базалық жоо-ның жауаптысы мен бағдарлаушысы түсу емтихандарын өткізу үшін жоспарланған аудиториялық қор туралы деректер қорын қалыптастырып, телекоммуникациялық желі бойынша ҰТО-на жібереді.

20. Үміткерлердің деректер қоры туралы мәлімет бекітілген желілік жоғары оқу орындарынан алынып, базалық жоо-да қалыптастырылады.

Үміткерлердің деректер қоры желілік жоғары оқу орындары БК бөлімдеріне енгізілетін үміткерлер туралы мынадай мәліметтерден тұрады:

«Тегі», «Аты», «Жөні» (бұдан әрі – Т.А.Ж.), «Туған жылы», «Азаматтығы», «Ұлты», «Жынысы», «Мамандық шифры» - Қазақстан Республикасы кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім даярлау бағыттары мен мамандықтарының жіктеуіші бойынша үміткер түсетін мамандығына сәйкес, «ТЖК» үміткер тестілеуге қатысу үшін тіркелген кезде берілетін жеке нөміріне сәйкес бөлім, «Даярлау бағыты» – жоғары оқу орнынан кейінгі білім даярлау бағыттарына сәйкес тұратын бөлім: магистратура, резидентура, адъюнктура, докторантура, «Пән» -тапсыру тілін таңдау үшін: ағылшын, неміс, француз, қазақ, орыс, «Жеке куәлігінің нөмірі» - үміткердің жеке куәлігінің немесе

паспортының тиісті нөміріне сәйкес бөлім.

21. Үміткерлердің деректер қорын толтыру үшін базалық жоо-ы ҰТО-дан желілік жоо-на арналған бағдарламалық кешенді қабылдайды және оны өзіне бекітілген желілік жоо-на тапсырады.

22. Базалық жоо-ның жауаптысы өзіне бекітілген желілік жоо-ның жауаптылары мен бағдарламаушыларына түсу емтихандарын ұйымдастыру және өткізу нұсқаулығы туралы мәжіліс өткізеді.

23. Базалық жоо-ның бағдарламаушысы ҰТО-дан базалық жоо БК алып орнатады.

Базалық жоо-ның желілік бағдарламаушысы жоо орындарының бағдарламаушыларын оқытады.

24. Желілік жоо-ның жауаптысы желілік жоо-ның бағдарламаушылары мен операторларының жұмысын басқаруды жүзеге асырады.

25. Желілік жоо-ның бағдарламаушысы мынадай міндеттерді атқарады:

- 1) желілік жоо-на БК алып, орнатады;
- 2) желілік жоо-на БК бейімдеуді жүзеге асырады;
- 3) операторлар туралы мәліметтерді енгізеді және операторлар тізімін береді;
- 4) үміткерлердің деректер базасын қалыптастыру үшін операторлардың компьютерлеріне желілік жоо-на БК орнатады;
- 5) операторларды оқытады.

26. Операторлар компьютерлі жұмыс орындарымен қамтамасыз етіліп, келесі қызметтерді атқарады:

- 1) үміткерлердің деректерін қорға енгізеді;
- 2) деректер қорын жоо-ның бағдарламаушысына тапсырады;
- 3) деректер қорына түзетулер енгізуді жүзеге асырады.

27. Үміткерлердің деректер қорын қалыптастыру барысында желілік жоо-ның жауаптысы мен бағдарламаушысы өтініштер қабылдау бойынша мәліметтер қорының статистикасын және қорытынды сандық есепті базалық жоо-ның жауаптысы мен бағдарламаушысына тапсырады.

28. Барлық үміткерлердің деректерін қорға енгізіп болғаннан соң, желілік жоо-ның бағдарламаушысы желілік жоо-ның жауаптысына үміткерлерді тексеру үшін осы нұсқаулықтың 16-қосымшасына сәйкес үміткерлердің өтініштер журналын нысан бойынша береді. Желілік жоо-ның жауаптысы өтініш журналынан үміткерлер деректерінің дұрыс толтырылғандығын тексеруді ұйымдастырады, қате табылған жағдайда оларды деректер қорында түзету үшін журналда түзетеді. Желілік жоо-ның жауаптысы мен бағдарламаушысы үміткерлердің дерек қорына базалық жоо-на жібереді.

29. Базалық жоо-ның жауаптысы:

- 1) үміткерлердің жабық дерек қорын базалық жоо-ның бағдарламалаушымен



телекоммуникациялық жүйе арқылы ҰТО-ға жіберуін

2) желілік жоо-нан қабылдаған қорытынды сандық есебін факс арқылы ҰТО-ға жіберуін жүзеге асырады.

## **2. Түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру**

30. Базалық жоо-ның жауаптысы ҰТО-дан үміткерлер деректерінің соңғы қорын қабылдағаннан кейін желілік жоо-ы жауаптыларына: емтиханға кіру рұқсаттамаларын, рұқсаттамаларды беру тізілімін, үміткерлердің өтініш журналы, желілік жоо бойынша үміткерлердің аудиториялық тізімін береді. Рұқсаттама мынадай мәліметтерден тұрады: үміткердің Т.А.Ж., тестіленушінің жеке коды (бұдан әрі – ТЖК), дайындық түрі, мамандық шифры, емтихан тапсыру тілі, лек, емтихан тапсыру күні, тестілеудің басталу уақыты, емтиханның өтетін жері, корпусы, корпустың мекен-жайы, аудиториясы.

31. Базалық жоо-ның жауаптысы:

- 1) аудитория кезекшілерінің тізімін;
- 2) аудитория кезекшілерінің жеке іс-қағаздарын;
- 3) апелляциялық комиссия мүшелерінің тізімін;
- 4) комиссиялар жұмыс істейтін орынды; базалық жоо-ның бағдарламаушысы үшін қажетті есептеу техникалық құралдарымен және қалааралық байланысы бар телефонмен жабдықталған жұмыс орнын;
- 5) түсу емтихандарын өткізуге арналған аудиториялық қорды (әрбір аудиториядағы отырғызу орындарының нөмірленуі, әрбір аудиторияға аудиотехника, аудиториялар нөмірлері мен бағыттағыштар) дайындайды.

32. Базалық жоо-ның жауаптысы министрліктің өкіліне:

- 1) рұқсаттама түбіртектерін;
- 2) үміткерлердің аудиториялық тізімін;
- 3) рұқсаттамаларды беру тізілімінің көшірмесін;
- 4) аудитория және дәліз кезекшілерінің тізімін;
- 5) деректері қате үміткерлердің тізімін тапсырады.

33. Желілік жоо-ның жауаптысы түсу емтихандарына кіру рұқсаттамалары мен рұқсаттамалар түбіртектерін ресімдеуді ұйымдастырады.

Үміткерге түсу емтихандарына кіру рұқсаттамасы емтиханға кіру рұқсаттамаларын беру тізіліміне қолын қойғаннан кейін беріледі. Рұқсаттама түбіртегіне үміткер қолын қояды және ол жоғары оқу орындарында қалады.

Емтиханға кіру рұқсаттамасында үміткер туралы барлық қажетті деректер көрсетіледі. Үміткер рұқсаттамада және рұқсаттама түбіртегіндегі деректердің дұрыс толтырылғандығын тексеруі тиіс.

Желілік жоо-ның жауаптысы әр үміткерге түсу емтихандарын өтетін орнын

түсіндіру және дайындау жұмыстарын жүргізеді. Үміткердің түсу емтихандары өтетін базалық жоо-ның мекен-жайы әр үміткердің рұқсаттамасында және желілік жоо-ы бойынша үміткерлердің аудиториялық тізімінде көрсетіледі.

34. Түсу емтихандары басталғанға дейін желілік жоо-ның жауаптысы емтиханға кіру рұқсаттамасының түбіртектерін базалық жоо-ның жауаптысына тапсырады осы нұсқаулықтың 17-қосымшасына сәйкес актісі бойынша қ а б ы л д а й д ы .

35. ҰТО-да әрбір базалық жоо-на арналып әрбір лектің аудиториялары бойынша мынадай емтихан материалдары дайындалады:

- 1 ) ж а у а п п а р а қ т а р ы ;
- 2 ) с ұ р а қ к і т а п ш а л а р ы ;
- 3 ) С D д и с к і л е р ;
- 4) жауап парақтарының көшірмелері.
- 5) нұсқаларды бөлу парақтары;

36. Қабылдау комиссиясы аудитория бойынша кезекшілеріне нұсқама береді.

37. Министрліктің өкілі келісімен түсу емтихандарын өткізуге дайындығын, әрбір аудиториядағы орындардың нөмірленуімен қоса, аудиториялық қорды, аудиториялардағы және дәліздердегі кезекшілер құрамын, базалық жоо-ның бағдарлаушысының жұмыс орнының дайындығын тексереді.

38. Базалық жоо-ның бағдарлаушысы жұмыс орнын тексереді және түсу емтихандары кезеңіне арналған БК бағдарламалық кешенін орнатады.

39. Министрліктің өкілі емтихан материалдарын акті бойынша қабылдап а л а д ы .

40. Мәліметтері қате үміткерлердің тізіміне сәйкес Министрліктің өкілі базалық жоо-ның бағдарламаушысымен үміткерлердің деректер қорына өзгертулер енгізуін бақылауды жүзеге асырады.

41. Түсу емтихандары күндері ғимараттарда түсу емтиханы кезінде қолданылмайтын барлық кіретін есіктер, аудиториялар, кабинеттер және түсу емтихандарына қажеті жоқ бөлмелер жабылып, мөрленуі тиіс.

42. Министрліктің өкілі аудитория және дәліз кезекшілеріне нұсқама өткізеді.

43. Отырғызу парағы барлық аудиториялар бойынша емтихан қарсаңында ҰТО-дан телефон арқылы алынатын парольдің көмегімен беріледі.

Түсу емтихандарынан бір күн бұрын министірліктің өкілі базалық жоо-ның бағдарлаушысынан әрбір аудитория үшін отырғызу парағын қабылдайды және с е й ф т е с а қ т а й д ы .

44. Министрліктің өкілі аудитория кезекшілерін әрбір аудиторияға екіден б ө л е д і .

Аудиторияға үміткерлерді кіргізуден бұрын кезекші:

- 1) аудиторияның нөмірленгендігін;

- 2) отырғызу орындарының нөмірленуінің дұрыстығын;
  - 3) отырғызу орындарының осы аудиторияға арналған отырғызу парағындағы үміткерлер санына сәйкестігін;
  - 4) тақта мен бордың болуын тексереді.
  - 5) Тәртіп бұзушылық болған жағдайда, кезекші бұл жөнінде министрліктің өкіліне хабарлауға міндетті.
45. Үміткерлерді аудиторияға кіргізбес бұрын аудитория бойынша кезекшілерінің біріне министрліктің өкілі:
- 1) отырғызу парақтарын;
  - 2) рұқсаттама түбіртектері бар папканы береді.

### 3. Түсу емтихандарын өткізу

46. Емтихан басталмас бұрын Министрліктің өкілі мемлекеттік комиссия мен аудитория кезекшілерінің тікелей қатысуларымен емтихан материалдары салынған қаптарды ашады. Министрліктің өкілі аудитория бойынша кезекшілеріне қораптарда мөрленіп жабылған емтихан материалдарын тапсырады.

47. Министрліктің өкілі:

- 1) үміткерлердің дұрыс отырғызылуы мен сұрақ кітапшаларының нұсқалары отырғызу парағы мен нұсқаларды үлестіру парағына сәйкес таратылуын;
- 2) үміткерлердің жауап парақтарындағы қызмет секторларын дұрыс толтыруларын бақылауы тиіс.

48. Үміткерлер аудиторияға бір-бірлеп кіргізіледі. Аудитория бойынша кезекшісі рұқсаттаманың, жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың негізінде үміткердің жеке басының сәйкестігін тексеруі тиіс.

Үміткер міндетті түрде отырғызу парағында көрсетілген нөмірге сәйкес өз орнына отыруы керек.

Емтихан басталғандығын жариялаған сәттен бастап кешіккен үміткерлер аудиторияға жіберілмейді.

49. Емтихан материалдары бар қораптар сол аудиториядағы 3 үміткердің қатысуымен ашылады, олар:

- 1) қораптардағы мөрлердің бүтіндігін тексереді;
- 2) қораптарды ашады;
- 3) қораптағы емтихан материалдарын қайта санайды;
- 4) нәтижесін актіге енгізеді және қолдарын қояды.

50. Құжаттардың нақты саны мен “Нұсқаларды үлестіру парағында” көрсетілген сандар сәйкес келмеген жағдайда, кезекші бұл туралы Министрліктің өкілін ескертуі тиіс және осы деректі актіде келтіреді.

Қ о р а п т а :

- 1) жауап парақтары бар конверт;
- 2) сұрақ-кітапшалары;
- 3) CD диск;
- 4) жауап парақтарының көшірмесі;
- 5) нұсқаларды үлестіру парағы болу керек.

51. Аудитория бойынша кезекші емтихан материалдарын үлестірімес бұрын үміткерлерге :

- 1) бір орыннан екінше орынға ауысуға;
- 2) емтихан материалдарын рұқсатсыз ашуға;
- 3) емтихан материалдарын басқа үміткермен ауыстыруға;
- 4) анықтамалық әдебиетті, жазу кітапшасын, түзету сұйықтарын, ұялы телефондарды, электрондық құрылғыларын қолдануға;
- 5) сөйлесуге, басқа үміткерлерден көшіруге болмайтынын ескертеді.

52. Үміткер отырғызу парағында көрсетілген орынға сәйкес отырғанын растап отырғызу парағына қол қояды.

53. Бірінші кезекте тек жауап парақтары мен жауап парақтарының көшірмелері үлестіріледі. Жауап парақтарын толтыру ережелері түсіндіріледі.

Қате толтырған жағдайда үміткерге жаңа жауап парағы берілмейді.

54. Қызмет секторларын толтырғаннан кейін, аудитория бойынша кезекші катаң түрде нұсқаларды үлестіру парағына сәйкес № 1 орыннан бастап сұрақ кітапшаларын үлестіреді.

55. Сұрақ кітапшаларын таратып болғаннан кейін үміткерлер нұсқаларды үлестіру парағына қолдарын қояды. Осы мақсатпен, нұсқаларды үлестіру парағы "жүгіртпе" принципі бойынша парақтың жоғарғы жолында тұрған орынның нөмірінен бастап үміткерлерге беріледі. Кезекші осы сәтте үміткерлерге өздерінің орындары мен нұсқаларының нұсқаларды үлестіру парағына сәйкестігін тексерулерін ескертуі тиіс, сонан соң үміткер оған тегін жазып, қол қояды. Егер үміткерге басқа нұсқа түссе, ол бұл туралы кезекшіге хабарлауы, қол қоймауы және аудитория бойынша кезекшінің нұсқауын күтуі керек.

56. Үміткер нұсқа нөмірін сұрақ кітапшасынан жауап парағына көшіреді және сұрақ кітапшасының мұқабасын толтырады.

57. Үміткермен қызмет жолдарын толтыру кезінде, аудитория бойынша кезекші оған оларды толтыру жөнінде түсініктеме береді.

58. Қызмет секторларын толтырып болғаннан кейін, аудитория кезекшісі емтиханның басталу және аяқталу уақыттарын хабарлайды және тақтаға жазады. Осы сәттен бастап барлық сұрақ қою мен түсіндіру тоқтатылады. Тест сұрақтарына жауаптарды белгілеу және жауап парағының көшірмесін толтыру таза уақыты - 180 минут (3 астрономиялық сағат) болады.

59. Сұрақ кітапшасы берілген емтихан тапсыру тіліндегі тестен тұрады.

Т е с т      3      б ө л і м н е н      т ұ р а д ы .

1 бөлім – Тыңдау. Тестің бірінші бөлімін өткізуде CD дискіні тыңдау үшін аудиотехника пайдаланылады. CD диск 4 мәтіннен тұрады: әр мәтін аз ғана үзілістен кейін қайталаынады. Әр мәтінге сұрақ кітапшасында үміткердің тыңдалатын мәтіндерді түсінуін тексеретін тест тапсырмалары берілген. Тыңдауға арналған тест 20 тапсырмадан тұрады. Орындау уақыты 45 минут.

2 бөлім – Лексика-грамматикалық тест. Лексико-грамматикалық тест үміткердің грамматиканы және лексикологияны білу деңгейін тексеретін тест тапсырмаларынан тұрады. Лексико-грамматикалық тест 50 тапсырмадан тұрады.

О р ы н д а у                      у а қ ы т ы                      –                      7 5                      м и н у т .

3 бөлім – Оқу. Тест үміткердің ұсынылған мәтін мазмұнын түсінуін тексеретін мәтіндерден және тест тапсырмаларынан тұрады. Оқуға арналған тест 30 тапсырмадан тұрады. Орындау уақыты – 60 минут.

60. Тестілеу кезінде: сұрақ кітапшаларын ауыстыруға және сұрақ кітапшаларын аудиториядан шығаруға рққсат берілмейді.

61. Үміткер Нұсқаулықты бұзған жағдайда, аудитория бойынша кезекшісі министрліктің өкілін ескертеді. Аудитория бойынша кезекші түсу емтихандар кезінде аудиторияны тастап кетпеуі керек. Түсу емтиханның аяқталуына дейін 30 және 10 минут қалғанда, үміткерлерді уақыттың аяқталғаны туралы ескертілуі қ а ж е т .

62. Түсу емтихандары кезінде аудиторияға министрліктің өкілі және қабылдау комиссияның төрағасының ғана кіруіне болады.

63. Министрліктің өкілі түсу емтихандары басталғаннан соң 20-25 минуттан кейін аудиториядағы үміткерлердің нақты саны туралы деректерді шығарады. Артық сұрақ кітапшаларды жинап, сейфке сақтауды жүзеге асырады. Жауап парақтары емтихан соңына дейін аудиториядан шығарылмаулары керек.

Министрліктің өкілі емтихан барысын қадағалайды.

64. Түсу емтихандарының уақыты аяқталғанда соңғы 3 үміткер аудиториядан бір мезгілде шығуы керек.

65. Аудитория бойынша кезекші тестілеу аяқталғаннан кейін:

1) әр үміткерден емтихан материалдарын (жауап парағы мен сұрақ кітапшасы ) қ а б ы л д а й д ы ;

2) үміткердің жауап парағының барлық қызмет секторларын және сұрақ кітапшасының мұқабасындағы арнайы жолдардың толтыруының дұрыстығын т е к с е р е д і ;

3) жауап парақтарын (қолданылған және қолданылмаған) санап, кемінде 3 үміткердің қатысуымен оларды конвертке салады;

4) сұрақ кітапшалары бар қорапты және жауап парақтары бар конвертті 3

үміткерді ілестіріп мемлекеттік комиссия отырған бөлмеге жеткізеді.

66. Министрліктің өкілі аудитория бойынша кезекшілерінен емтихан материалдарын қабылдауды ұйымдастырады. Аудиториялар бойынша кезекшілер министрліктің өкіліне актілер бойынша емтихан материалдарын:

- 1) жауап парақтары (қолданылған және қолданылмаған) бар конвертті;
- 2) үміткерлердің қолдары қойылған отырғызу парақтарын;
- 3) сұрақ-кітапшалары бар қорапты;
- 4) үміткерлердің қолдары қойылған нұсқаларды үлестіру парағын;
- 5) рұқсаттама түбіртектері бар папканы;
- 6) бар болған жағдайда қосымша материалдарды (актілер, ескертулер, т.б.) тапсырады.

#### **4. Түсу емтихандарының нәтижелерін өңдеу**

67. Бірінші операциялық күн:

- 1) I - ші лекті ашу;
- 2) орын – нұсқасы файлын қабылдау;
- 3) аудиториялар бойынша жауап парақтарын сканерлеу;
- 4) жауап парақтарын сәйкестендіру хаттамасын беру және комиссия шешіміне сәйкес өзгерістерді енгізу;
- 5) сканерлеу статистикасын қалыптастыру;
- 6) дұрыс жауаптар кодын қабылдау және беру;
- 7) апелляция қорытындысы енгізілмеген түсу емтихандарының нәтижесі бойынша I-ші лектің емтихан ведомосын беру;
- 8) апелляция қорытындысы енгізілмеген статистиканы жіберу;
- 9) II-ші лектің отырғызу парақтарын беру.

68. Екінші операциялық күн:

- 1) I-ші лектің үміткерлердің апелляция өтініштерін енгізу (бұл операцияны өтініштердің жиналуына қарай бөліп жасауға болады). Апелляцияға берген өтініштер тізілімін және талдау карталарын басып беру.
- 2) II - ші лекті ашу;
- 3) орын – нұсқасы файлын қабылдау;
- 4) аудиториялар бойынша жауап парақтарын сканерлеу;
- 5) жауап парақтарын сәйкестендіру хаттамасын беру және комиссия шешіміне сәйкес өзгерістерді енгізу;
- 6) сканерлеу статистикасын қалыптастыру;
- 7) дұрыс жауаптар кодын қабылдау және беру.
- 8) апелляция қорытындысы енгізілмеген түсу емтихандарының нәтижесі бойынша II-ші лектің емтихан ведомосын беру;

- 9) апелляция қорытындысы енгізілмеген статистиканы жіберу;
- 10) I-ші лектің апелляция комиссиясының шешімін енгізу;
- 11) I-ші лектің апелляциясын жабу;
- 12) апелляция комиссиясы мәжілісінің хаттамасын беру.
- 13) апелляция қорытындысы енгізілген түсу емтихандарының нәтижесі бойынша I-ші лектің емтихан ведомосын беру;
- 14) апелляция қорытындысы енгізілген статистиканы беру;
- 15) сертификаттарды басып шығару;
- 16) I-ші лекті жабу.

69. Үшінші операциялық күн:

- 1) II-ші лектің үміткерлердің апелляция өтініштерін енгізу. Апелляцияға берген өтініштер тізілімін, талдау карталарын басып беру;
- 2) II-ші лектің апелляция бланктері бойынша апелляция комиссиясының ш е ш і м і н е н г і з у ;
- 3) II-ші лектің апелляциясын жабу;
- 4) апелляция комиссиясы мәжілісінің хаттамасын беру;
- 5) апелляция қорытындысы енгізілген түсу емтихандарының нәтижесі бойынша II-ші лектің емтихан ведомосын беру;
- 6) сертификаттарды басып шығару;
- 7) II-ші лекті жабу;
- 8) қорытынды деректерді ҰТО-на жіберу.

70. Министірліктің өкілі базалық жоо-ның программисіне жауап парақтары бар конвертті сканерлеуге тапсырады. Конвертте:

- 1) толтырылған жауап парақтары;
- 2) толтырылмаған жауап парақтары болуы тиіс.

71. Тек қана толтырылған жауап парақтары сканерленеді.

72. Жауап парақтары аудитория бойынша бір рет сканерден өтеді. Сканерден өткенен кейін жауап парақтары конвертке салынады.

73. Кезекті аудиторияның жауап парағын сканерден өткізгеннен кейін жауап парағының сәйкестендіру хаттамасы беріледі.

74. Үміткердің жауаптар парағы автоматты түрде сәйкестендіріледі, тек қана, е г е р :

- 1) оның отырған орны мен отырғызу парағындағы орны сәйкес келсе;
- 2) оның нұсқасы нұсқаны үлестіру парағындағы нұсқамен сәйкес келсе.

75. Басқа жағдайда үміткердің жауап парағының деректері жауап парағын сәйкестендіру хаттамасына визуалды сәйкестендіру үшін тіркеледі.

Жауап парағын визуалды сәйкестендіру үшін базалық жоо-ның программисі жауап парақтарын сәйкестендіру хаттамасын министірліктің өкіліне шығарып б е р е д і .

76. Базалық жоо-ның бағдарламаушысы кезектегі конвертті ашып, келесі аудиторияның жауап парақтарын сканерлейді.

77. Жауап парағын визуалды сәйкестендіру үшін:

- 1) отырғызу парағы;
- 2) нұсқаларды үлестіру парағы;
- 3) үміткерлердің жауап парақтары;
- 4) үміткерлердің сұрақ кітапшалары;
- 5) осы нұсқаулықтың 18-қосымшасына сәйкес, жауаптар парағын сәйкестендіру хаттамасы нысаны бойынша қажет.

Егер қабылдау комиссиясы нақты орын нөмірін, нұсқасын, ТЖК-сын көрсеткен жағдайда ғана жауап парағы визуалды сәйкестендірілді деп есептеледі.

78. Жауаптар парақтарын визуалды сәйкестендіру үшін екі кестеден тұратын Жауап парақтарын сәйкестендіру хаттамасы шығарылады:

1) "Сәйкестендірілмеген үміткерлердің тізімі" 1-кестесінде ТЖК бойынша жауап парақтары табылмаған үміткерлердің тиісті тегі, аты-жөні, ТЖК-сы, нұсқасы мен орны шығады;

2) "Жауап парақтарын сәйкестендіру" 2-кестесінде сәйкестендірілмеген жауап парақтарындағы деректер шығады.

Аталған аудиторияның жауап парақтары мен сұрақ кітапшаларының ішінен сәйкестендірілмеген жауап парақтарын және оларға тиісті сұрақ кітапшаларды таңдап алу керек.

